

ПРОТОКОЛ №4

ХАТТАМА №4

« 18 » 02 2025 г.

« 18 » 02 2025 ж.

Академиялық кеңесінің отырысы

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А.Кудышева

Хатшы - Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы

Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Шақырылғандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А.Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №4 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

4.1 4-курс білім алушыларының кәсіптік практикасының ұйымдастырылуы жайлы мәлімет.

4.2 Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы.

4.3 2024-2025 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы.

4.4. Әр түрлі мәселелер.

4.1 4-курс білім алушыларының кәсіптік практикасының ұйымдастырылуы жайлы мәлімет

1.ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Кәсіптік практика тапсырмаларын конструктивті үйлесімділік негізінде критериймен бағалау күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандары және кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

2. Кәсіптік практика барысын бақылау күшейтілсін.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

4.2 Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы

2. ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы есебі есепке алынсын.

- Білім беру бағдарламаларының пәндерін кітаппен қамтылуы 3% төмен ББ-ны кітаптармен толықтырылуы кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

4.3 2024-2025 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы.

3. ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 2024-2025 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы туралы есебі есепке алынсын;
- Профессор-оқытушылар құрамының сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын арттыру кафедра меңгерушілеріне және Академиялық ұтқырлық бөліміне жүктелсін;
- Халықаралық академиялық рейтингтердің Топ-500 құрамына кіретін ЖОО-лардан халықаралық жоғары рейтингтік журналдарда жарияланымдары бар ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту көрсеткішін арттыру кафедра меңгерушілеріне және Халықаралық ынтымақтастық және мониторинг бөліміне жүктелсін.

4.4. Әр түрлі мәселелер

4.4.1 2025-2026 оқу жылына арналған барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту туралы

4.4.1. ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары мен пәннің оқу бағдарламалары (силлабустары) жаңартылсын және білім беру бағдарламалары реестрге енгізілсін және жаңартылған силлабустар m.odamapova@n-k.kz электрондық поштаға жіберілсін.. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері мен Академиялық істер департаменті;
- Педагогтердің білімін бағалаудан өту бойынша кешенді жоспар әзірленсін және педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру жөнінде қажетті шаралар қабылдансын. Орындалу мерзімі 15 наурыз 2025 жылға дейін. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері және Сапаны басқару және білімді бағалау орталығы;
- 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық және психологиялық дайындық компоненті аясында қарастырылған пәндер мен практикалар оқу жоспарына сәйкестендіріліп, белгіленген семестрлерге енгізілсін және тиісті пәндер бойынша кафедраларға жүктелсін, орындалуын бақылау Академиялық істер департаменті;
- «Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту» пәнді жүргізетін оқытушылар алдын-ала «Үздіксіз білім беру орталығы» ұйымдастырылуымен жүргізілген курстан өту немесе пәнді жоспарлау бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының арнайы сертификаты болу міндеттелсін. Жауапты: «Үздіксіз білім беру орталығы»;
- 2025–2026 оқу жылына арналған магистратураның Базалық пәндер циклінің Жоғары оқу орны компонентіне енгізілетін өзгерістер шеңберінде пән атаулары, академиялық сағат сандары және сабақ түрлері тиісті кафедралармен келісілген түрде оқу жоспарларына енгізілсін. Жауапты: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;
- Бакалавриат бойынша ЖБП ТК пәндері өзгертіліп «Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» және «Экономика, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздері» білім беру бағдарламасына енгізілсін. Жауапты: География кафедрасының меңгерушісі мен Академиялық істер департаменті;
- «Экономика, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздері» пәні бойынша Экономика мен кәсіпкерлік бағыттарына ЖАОК түсірілсін. Жауапты: География кафедрасының меңгерушісі, орындалуын бақылау Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі.

4.4.2 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

4.4.2 ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары:

Ғылыми кеңеске ұсынылсын:

1. Г.М.Сыздықованың «Ежелгі дүние тарихы» атты оқулығы;
2. Б.Б.Шағраеваның «Органикалық реакциялардың механизмі» атты оқулығы.

Баспаға ұсынылсын:

1. Э.К.Кожобекованың «Интеграциялық есептер жинағы» атты оқу құралы;
2. Г.И.Абрамованың «Дайджест по книге Е.И. Пассова «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению» атты оқу құралы;

3. Қ.Ә.Ниетбайдың «Практикум по дисциплине «Основы современного русского языка» атты оқу құралы;
4. Ж.Е.Есеналиева, Г.И.Раимбекованың «Theoretical course of English and grammar» атты оқу құралы;
5. А.А.Суюндиқов, Г.Ж.Тастанованың «History and Literature of English Language» атты оқу құралы;
6. Н.Б.Шегенбаев, Ү.Ж.Усаевтың «Гимнастикамен шұғылдану бойынша балаларды іріктеудің бағыттары» атты оқу-әдістемелік құралы.
7. Г.М.Абдиманапова, Л.К.Жайдақбаева, С.Е.Алдешовтың «Python программалау тілі» атты оқу-әдістемелік құралы.
8. Э.Т.Адылбекова, М.С.Багланованың «Web-программалау негіздері» атты оқу құралы;
9. М.С.Багланова, Э.Т.Адылбекованың «Web-программалау негіздері: аралас оқыту модельдерін қолдану практикумы» атты оқу-әдістемелік құралы;
10. Д.А.Батаев, Т.Ж.Түймебайдың «Атыс дайындығын үйрету әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы.

4.4.3 Білім алушылардың әлемдік цифрлық кітапханаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырмасын орындау мақсатында Coursera компаниясының лицензияларын пайдалану туралы

4.4.3 ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Берілетін 700 дана Coursera лицензиясын пайдалану үшін білім алушылардың тізімін жасақтау факультеттер тарапынан ұйымдастырылсын.
- 2025 күнтізбелік жылға ББ пәндердің СӨЖ немесе МӨЖ тапсырмаларына Coursera курстары кіріктірілсін.

4.4.4 Білім беру бағдарламаларын дайындауға арналған әдістемелік нұсқаулықты баспаға ұсыну жайлы

4.4.4 ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Д.Т.Бердалиев, С.К.Аширбаева, Р.И.Кадирбаеваның дайындаған әдістемелік нұсқаулығы баспаға ұсынылсын.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева